"Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған акциз мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 133 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 144 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 06.04.2018 № 173 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

РҚАО-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз!

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған акциз мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 133 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 14, 76-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған акциз мөлшерлемелері осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 31 наурыздағы
№ 144 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 13 наурыздағы
№ 133 қаулысымен
бекітілген

## Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған акциз мөлшерлемелері

| | 1 тоннаға акциз мөлшерлемелері (теңгемен) | |
|---|---|---|
| | | |

| Р/с № | Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12411 0-2710 12590 0) | Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0-2710 19 480 0) |
|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1. | Өндірушілердің өздері өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі (маусым – қазан) | 10500 | 9300 |
| 2. | Өндірушілердің өздері өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі (қараша – мамыр) | 10500 | 540 |
| 3. | Жеке және заңды тұлғалардың бензинді авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі | 0 | 0 |
| 4. | Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы (маусым – қазан) | 11000 | 9360 |
| 5. | Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы (қараша – мамыр) | 11000 | 600 |
| 6. | Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы | 500 | 60 |
| 7. | Импорт | 4500 | 540 |
| 8. | Салық кодексінің 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру (маусым – қазан) | 10500 | 9300 |
| 9. | Салық кодексінің 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру (қараша – мамыр) | 10500 | 540 |

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

V х 0,730

М = --------------------, мұндағы:

1000

М — өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) тоннамен есептегендегі көлемі;

V — өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) литрмен есептегендегі көлемі;

0,730 — бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) барлық түрлері үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Дизель отынын бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

V х 0,769

M = -------------------, мұндағы:

1000

M — өткізілген дизель отынының тоннамен есептегендегі көлемі;

V — өткізілген дизель отынының литрмен есептегендегі көлемі;

0,769 — дизель отыны үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Ескертпе: тауар номенклатурасы ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен және (немесе) тауардың атауымен айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК